

Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 6 шілдедегі N 265-I бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 29 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2975. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының
Заңына сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жолаушылар мен багажды
тасымалдау ережесі;

2) Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жүктерді тасымалдау ережесі
бекітілсін.

2. Су көлігі департаменті (Б.Қ.Уандықов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі Т.Б.Әбілғазинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

"Қазақстан Республикасының
теңіз көлігімен жолаушыларды,
багажды және жүктерді тасымалдау
саласындағы нормативтік құқықтық
актілерді бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар министрінің
2004 жылғы 6 шілдедегі
N 265-I бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыру кезіндегі теңіз көлігі қызметімен байланысты қатынастарды реттейді.

2. Ереженің күші теңіз тасымалы саласындағы қызметті жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғаларға таралады.

3. Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау тасымалдау шарты негізінде жүргізіледі.

4. Жолаушыны теңізбен тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы портқа немесе жеткізу пунктіне жолаушыны және жолаушы тапсырған жағдайда багажды тасымалдауға және багажды жолаушыға немесе алуға уәкілетті тұлғаға беруге міндеттенеді, ал жолаушы жол жүргені үшін, ал багажды тапсырған кезде - багажды тасымалдағаны үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Жолаушылар мен багажды тасымалдау

5. Жолаушыларды теңіз көлігімен тасымалдауды тасымалдаушы кесте бойынша ұйымдастырады. Жолаушыларды тасымалдау кестесін өзгерту туралы тасымалдаушы жаңа кесте күшіне енген күніне дейін кемінде 2 апта ішінде хабардар етеді.

6. Жолаушыларды теңіз көлігімен тасымалдау шарты жолаушының тұлғасын куәландыратын құжат ұсынылған кезде берілетін билетпен (Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты, жеке куәлігі, 16 жасқа толмаған балалар үшін туғаны туралы куәлігі, мерзімдік қызметтің әскери қызметшілері үшін әскери билеті, түзету мекемелерінен босаған тұлғалар үшін еркінен айыру орындарынан босағаны туралы анықтама, уақытша жеке куәлік), ал багажды тапсырған кезде - багаж түбіртегімен ресімделеді.

Билет пен багаж түбіртегінің нысаны осы Ережеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес белгіленеді.

7. Билеттерді сату теңіз вокзалдарының билет кассаларында, не жолаушының талап еткен жеріне жеткізу кезінде тиісті алымдар төлеумен жүзеге асырылады. Билеттерге тапсырыстар телефон бойынша немесе жолаушының өзі келген кезде қабылданады.

8. Билет кассаларының жұмыс уақытын жергілікті жағдайларды негізге ала отырып, теңіз вокзалының бастығы белгілейді.

9. Билет кассаларының жұмыс тәртібін кемелер қозғалысы кестесін негізге ала отырып, теңіз вокзалының бастығы белгілейді.

10. Билеттерді алдын ала сату кеменің жүзіп кетуіне дейін 45 тәулікті қоса алғандағы 1 тәулікке дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

11. Егер жолаушыларды теңіз көлігімен тасымалдау шартының талаптары бойынша автокөлік құралдарын тасымалдау жүзеге асырылса, онда автокөлік құралындағы багаж каюталық болып есептеледі.

12. Жолаушының жүргені үшін және оның багажын тасымалдау үшін ақыны, жолаушы тегін алып жүретін, белгіленген нормалар шегіндегі каюталық багажды қоспағанда, тараптар келісу бойынша немесе жолаушының жүруі және оның багажын жалпы пайдаланымдағы көлікпен тасымалдау кезінде тасымалдаушы белгілейді.

13. Жолаушы кемеге отырғызу кезінде тиісті ресімделген билетті және тұлғасын куәландыратын құжатты ұсынады.

14. Жолаушының оның тұлғасын куәландыратын құжаттағы тегі ұсынылған билетте көрсетілген тегіне сәйкес келмеген кезде, билетте тегі болмаған немесе түзетілген кезде жолаушы кемеге отырғызуға жіберілмейді.

15. Жолаушы багажды тасымалдауға күні бұрын тапсыруы тиіс.

16. Тасымалдауға өз көлемдері, орамасы және қасиеттері бойынша қиындықсыз тиелуі және кемеге орналастырылуы мүмкін заттар мен бұйымдар қабылданады.

17. Багаждың әрбір орны бейімделген болуы немесе оны тиеу, қайта тиеу және түсіру кезінде тасымалдауға мүмкіндік беретін құрылғысы болуы тиіс. Ыдысы немесе орамасы барлық тасымалдау уақытында заттардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

18. Бейне- және дыбыс аппаратурасы және ерекше сақтықты талап ететін басқа да ұйымдастыру ісі техникасы жол үстінде қайта тиеусіз тасымалдау кезінде сақталуы қамтамасыз етілетін орамада, ал қайта тиеу арқылы тасымалауға тек қатты орамада қабылданады (жәшіктер және торлар).

19. Бейне- және дыбыс аппаратурасын және басқа да ұйымдастыру ісі техникаларын тасымалдауды ресімдеу кезінде олардың орамасына үстінен немесе бүйір қабырғасының біріне "Абайлаңыз, телевизор" немесе "Абайлаңыз, компьютер" деген тиісті жазу жазылады.

20. Багажды ақаулы орамада тасымалдауға ұсынған кезде тасымалдаушы оны тасымалдауға қабылдаудан бас тартуы мүмкін.

21. Орамы багаждың жоғалуына немесе бұлуіне қауіп тудырмайтын ақаулары бар багаж тасымалдау құжаттарында осы кемшіліктер туралы белгі соғылу арқылы тасымалдауға қабылдануы мүмкін.

22. Багаж портқа немесе жеткізу пунктіне келген кезде багаж түбіртегін және тұлғасын куәландыратын құжатты ұсынуы бойынша алушыға беріледі.

23. Порт немесе жеткізу пункті берілуі туралы жолаушы (алушы) талап еткен багаж келмеген жағдайда, багаж түбіртегінің екінші жағында, жеткізу мерзімі өткеннен кейін "Багаж келмеді" деген жазу жазады, жылы, айы және күні белгіленген мөртабан соғады және жолаушыдан (алушыдан) багаждың келуі туралы оған хабарлама жіберу үшін мекен-жайы көрсетілген өтінішін алады. Бұл жағдайда хабарлама үшін ақы өндіріп алынбайды.

24. Табылған багаждың келгендігі туралы порт немесе жеткізу пункті ол келген күні жолаушыға (алушыға) хабарлама жібереді.

25. Егер порт немесе жеткізу пункті табылған багаждың келгені туралы жолаушыны хабардар етпесе, онда ол хабарлама жіберілгенге дейінгі багажды сақтаудағы мерзімі өткен күндер үшін ақы алу құқығынан айрылады.

26. Багажды жеткізу мерзімі багаж жөнелтілген кемеңіз қозғалыс кестесіне сәйкес портқа немесе жеткізу пунктіне жүріп келу уақытымен анықталады.

27. Алушы 6 ай ішінде талап етпеген багаж белгіленген тәртіппен іске асырылуы тиіс. Талап етілмеген багажды сатудан түскен сома белгіленген тәртіппен тасымалдаушының кірісіне түседі.

28. Жолаушыдан, жүк жөнелтушіден, жүк алушыдан тасымалдауды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі түскен арыздарды тасымалдаушы үш күндік мерзімде қарайды, ол өткеннен кейін өтініш берушіні арызды қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы жазбаша хабардар етеді.

29. Тасымалдаушы багаждың жоғалуы, бүлінуі және жетіспеуі үшін, егер жоғалу, бүліну және жетіспеу оның кінәсынан болмағанын дәлелдесе, жауапкершіліктен босатылады.

Қазақстан Республикасы көлік
және коммуникациялар Министрінің
2004 жылғы 6 шілдедегі
N 265-І бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының теңіз
көлігімен жолаушылар мен
багажды тасымалдау ережесіне

1-қосымша

Жолаушы билеті

К е м е

| К е м е

Шығу порты

| Шығу порты

Бару порты

| Бару порты

N_____каюта

| N_____каюта

N_____орын

| N_____орын

Бағасы

| Бағасы

Шығатын күні

| Шығатын күні

Билет сериясы ____ N____

Қазақстан Республикасы көлік
және коммуникациялар Министрінің
2004 жылғы 6 шілдедегі
N 265-І бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының теңіз
көлігімен жолаушылар мен
багажды тасымалдау ережесіне

2-қосымша

Багаж түбіртегі

Кеме

| Кеме

Жөнелту порты

| Жөнелту порты

Жеткізу порты

| Жеткізу порты

Бағасы

| Бағасы

Шығатын күні

| Шығатын күні

Квитанция сериясы ____ N____

"Қазақстан Республикасының
теңіз көлігімен жолаушыларды,
багажды және жүктерді тасымалдау
саласындағы нормативтік құқықтық
актілерді бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Көлік

Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жүктерді тасымалдау ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жүктерді тасымалдау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді, жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезіндегі теңіз көлігі қызметімен байланысты қатынастарды реттейді және теңіз тасымалы саласындағы қызметті жүзеге асыратын барлық жеке және заңды тұлғаларға таралады.

2. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:
тиеу ордері - жүк туралы қажетті мәліметтері бар, жүк жөнелтуші қол қойған қ ұ ж а т ;

экспорттық тапсырма - экспортқа жөнелтілетін жүк туралы қажетті мәліметтері бар, жүк жөнелтуші қол қойған құжат.

2. Жүктерді тасымалдау

3. Жүк тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы оған жүк жөнелтуші сеніп тапсырған жүкті жеткізу портына жеткізуге және жүкті алуға құқықтылығы бар тұлғаға (алушыға) беруге міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші немесе алушы жүкті тасымалдауға шартқа немесе тарифке сәйкес төлемақыны (кірепұлды) төлеуге және жүкті алуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4. Жүк тасымалдау шарты осы Ережеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша коносаментпен немесе теңіз жүкқұжатымен (жүк жөнелтушінің және жүк тасымалдаушының қарауы бойынша) ресімделеді.

5. Коносаментті жүк жөнелтуші ұсынатын тиеу ордері немесе экспорттық тапсырма негізінде тасымалдаушы жасайды және қол қояды.

6. Коносамент кемінде екі данада ресімделеді, оның біреуі жүкпен ілесе жүреді, ал екіншісі жүк жөнелтушіге беріледі. Жүк жөнелтушінің тілегі бойынша жүктерді халықаралық тасымалдау кезінде, оған жеке төлемақы үшін тең мағынадағы бірнеше данада коносамент берілуі мүмкін, әрі олардың әрқайсысында коносаменттің жасалған және берілген данасының саны белгіленеді. Коносаменттің бір данасы бойынша жүк берілгеннен кейін қалғандарының күші жойылады.

7. Теңіз жүкқұжатты жүк жөнелтуші ұсынатын тиеу ордері негізінде тасымалдаушы жасайды және қол қояды. Теңіз жүкқұжаты кемінде екі данада

ресімделеді, оның біреуі жүкпен ілесе жүреді, ал екіншісі жүк жөнелтушіге беріледі.

8. Кемені жалға алу шарты осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес үлгі нысан бойынша чартермен ресімделеді.

9. Тиеу ордері немесе экспорттық тапсырманы жүк жөнелтуші жасайды және қол қояды, тасымалдаушыға жүкті ұсынумен бір уақытта ұсынылады, жүктің бүкіл жүру жолында онымен ілесіп жүреді және жеткізу пунктінде жүкпен бірге жүк алушыға беріледі.

10. Жүкті тасымалдауға ұсынумен бір уақытта жүк жөнелтуші порт, кеден, санитарлық немесе өзге де органдар талап ететін барлық құжатты тасымалдаушыға тапсыруға тиіс.

11. Тасымалдаушының талап етуі бойынша каботажа жүктер жүк жөнелтуші пломбалаған кеменің үй-жайында тасымалдануы мүмкін.

12. Жүктер олардың тегі мен қасиеттеріне байланысты коносаментте салмағы мен орын саны (ыдысты және даналаған жүктер), не тек орны және басқа да қажетті деректері көрсетілу арқылы тасымалданады.

13. Жүктің салмағы тапсырылатын жүктің жалпы салмағын, олардың жүк орындарында көрсетілген салмағын немесе жүк орнының стандартты салмағын негізге ала отырып, өлшеумен немесе есептеумен анықталады. Жекелеген жүктердің салмағы өлшеу бойынша есептеу жолымен немесе шартты түрде анықталуы мүмкін. Қауіпті, ірі көлемді емес, ауыр салмақты және басқа да арнайы жүктердің салмағы жүк жөнелтуші жариялаған, белгіленген салмақ бойынша анықталады.

14. Жүктің салмағын есептеу жолымен, өлшеу бойынша немесе шартты түрде анықтауды барлық кезде жүк жөнелтуші жүргізеді. Салмақ анықтаудың мұндай тәсілі туралы жүк жөнелтуші тиеу ордерінде немесе экспорттық тапсырмада ескертпе жасайды.

15. Порттар өз айлақтарында және өз жұмыс күшімен қайта өлшеуді талап ететін жүктерді тиеген кезде салмақты анықтау порттың таразысында жүргізіледі.

16. Салмағы буып-түю кезінде анықталатын немесе әрбір жүк орнында көрсетілетін ыдысты немесе даналаған жүктер (орамасыз), сондай-ақ стандарттық өлшемдегі және салмақтығы жүк орындары тасымалдауға қабылдау және алушыларға беру кезінде өлшенбейді. Мұндай жөнелтімнің жалпы салмағын жүк жөнелтуші стандарттық салмақты немесе жүк орындарында көрсетілген салмақты негізге ала отырып анықтайды және тиеу ордерінде немесе жүкқұжатында көрсетеді.

17. Жоғалудан, бүлінуден немесе зақымданудан сақтау үшін ыдыс пен буып-түюді қажет ететін жүктер мемлекеттік стандарттар талаптарына сәйкес

ақаусыз ыдыста және орамада, ал ыдысына және орамасына стандарттар белгіленбеген жүктер тасымалдау және ауыстырып тиеу кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ететін ақаусыз ыдыста және орамада тасымалдауға ұсынылуы тиіс. Ыдыста немесе жекелеген орындарда (даналап) тасымалдауға ұсынылатын жүктердің орамасында айқын айырым белгілері және таңбалары болуы тиіс.

18. Тиеу үшін тасымалдаушыға берілетін кемелер теңізде жүретін жағдайда болуы тиіс: жүктерді тасымалдауға арналған трюмдер және басқа да жүк үй-жайлары бұрын тасымалданған жүктердің қалдығынан тазартылуы және жүктердің тасымалын және сақталуын қамтамасыз ететін жай-күйге келтірілуі тиіс.

19. Рейс басталар алдында (кеменің теңіз портынан шығу сәтіне) тасымалдаушы кеменің жүзуге техникалық жарамдығын қамтамасыз етеді, тиісті жағдайда оны жарақтайды, экипажбен жиынтықтайды және барлық қажетті нәрселермен жабдықтайды. Теңіз портынан кеменің шығуына теңіз порты капитанынан рұқсат алынғаннан кейін кеме теңіз портынан жүзіп шығуы мүмкін.

20. Кемеге жүк тиеу кеме капитаны бекіткен жүк жоспары бойынша жүргізіледі. Кемеді жүктерді дұрыс орналастыру, бекіту және бөлуге бақылау жасауды кеме әкімшілігі жүзеге асырады. Жүк жоспарының жобасын кемеге жүк тиеуді жүргізетін ұйым жасайды. Кеме әкімшілігінің жүкті тиеу, орналастыру, бекіту, бөлу және түсіру бөлігіндегі нұсқауы жүк жұмыстарын жүргізетін ұйымдар мен тұлғалар үшін міндетті.

21. Жүк кемеді кеме капитанының қарап шешуі бойынша орналастырылады, бірақ жүк жөнелтушінің жазбаша келісімінсіз кеме палубасында орналастырылуы мүмкін емес. Жүкті палубада тасымалдауға жүк жөнелтушінің келіскенін растау сонымен қатар жөнелтушінің жүкті кеме палубасында тасымалдау туралы белгісі бар коносаментті қабылдауы болып табылады.

22. Тасымалдаушы жүкті шартта белгіленген мерзімде, ал егер белгіленбеген болса, орынды мерзімде жеткізеді.

23. Жүк жөнелтуші оның мекен-жайына келген жүкті теңіз портына қабылдайды және одан әкетеді. Жүк алушыға жүкті беру коносаментінің түпнұсқасын ұсыну бойынша жүргізіледі.

24. Егер коносаментте алушының мекен-жайы және жүктің келгені туралы хабарламаны жіберу тәсілі көрсетілген болса, тасымалдаушы оны жүк келген күні жібереді.

25. Жүктің келгені туралы хабарлама белгіленген мерзімде тасымалдаушының кінәсынан жіберілмеген жағдайда, тасымалдаушы оның кешіктірген күндері ішінде жүкті сақтағаны үшін төлемді өндіріп алу құқығынан айырылады. Егер қандай да себептермен тасымалдаушы жүк жөнелтушіні

хабардар ету туралы тапсырманы орындай алмаса, онда ол бұл туралы жөнелту порты арқылы жүк жөнелтушіге хабарлайды.

26. Жүк жүк алушыға соңғысының тасымалдаушыға тиесілі барлық төлемдерді төлегеннен кейін беріледі. Жүк алушы тасымалдаушыға тиесілі барлық төлемді төлемеген кезде жүкті ұстап қалған тасымалдаушының талабы жүктің сатылған кездегі құны есебінен қанағаттандырылады.

27. Жүк жөнелтушінің талабы бойынша тасымалдаушы жеткізу пунктіне жеткізілген жүктің салмағын және ыдыстың жай-күйін тексереді.

28. Жеткізу пунктінде жүктің салмағын анықтау жөнелту пунктінде салмақ анықталған тәсілмен жүргізіледі. Жүк салмағы, егер жөнелту портында анықталған салмақ пен жеткізу портындағы салмақ айырмасы осы үлгідегі салмақтар үшін айырмашылықтың рұқсат етілген нормасынан аспаған болса, дұрыс деп саналады.

29. Жеткізу портында вагондар немесе автомобиль таразылары болмаған кезде ақтарылмалы және құйылмалы жүктер жүк тексерусіз беріледі. Ыдыс ақаусыз кезінде жүк жүк алушыға салмағы тексерілмей орын саны бойынша беріледі.

30. Қабылдауы мен тапсырылуы рейдтік жағдайда жүргізілетін жүктер орын есептеумен немесе жүк жөнелтуші жариялаған салмақ бойынша, ал құйылмалы жүктер кемеңің өлшеуі бойынша тасымалдауға қабылданады және жүк алушыға тапсырылады. Рейдтік жағдайда беру кезінде бүлінген ыдыстағы немесе ішіндегісінің жетіспеу немесе бүліну белгілерімен жүк орындарын ашу кеме бортында жүргізіледі.

31. Егер жүкті жеткізу пунктінде тексеру кезінде жүктің жоғалуы, бүлінуі немесе салмағындағы айырмашылық анықталған болса, тасымалдаушы уәкілетті орган бекіткен нысанда коммерциялық акті жасайды.

32. Контейнерлердегі жүк тасымалдауға жүк жөнелтушінің бергендегі салмағымен және пломбасымен қабылданады. Ақаусыз контейнерлерде ақаусыз пломбаларымен келген жүктер жүк алушыға салмағын және контейнердің ішіндегісіне тексеру жүргізбей береді.

33. Ақаулы контейнерлерде, сондай-ақ пломбасыз немесе ақаулы пломбамен келген жүктер жүк алушыларға жүкпен контейнерде ілесіп жүретін құжаттағы деректермен жүктің салмағы, саны және жай-күйінің сәйкестігін тексеру арқылы беріледі.

34. Пакеттегі жүктерді тасымалдау кезінде жүктерді тасымалдаушы жүк жөнелтушілерден пакеттер саны бойынша әрбір пакеттегі жүк бірлігі орамасының санын және жай-күйін тексермей қабылдайды және алушыға осындай ретте береді.

35. Бір коносамент бойынша:

1) тез бүлінуге ұшыраған жүктерді, осындай бүлінуге ұшырамаған жүктермен бірге ;

2) тасымалдауы ерекше жағдайларды талап ететін жүктерді;

3) өзінің физика-химиялық қасиеттеріне қарай бірге орналасуы мүмкін емес жүктерді ;

4) тасымалдауы кедендік, әкімшілік және басқа да рәсімдермен тоқайласқан және тасымалдауы осы рәсімдерді талап етпейтін жүктерді;

5) әртүрлі сақтау мерзімдері бар жүктерді жөнелтуге рұқсат етілмейді.

36. Бір жүк жөнелтушінің сол бір алушыға және сол бір кемеде жекелеген коносаментпен біртекті орамадағы бір атаулы жүктердің ұсақ топтарын жөнелтуге рұқсат етілмейді. Жүктің мұндай топтары біріктірілуі және бір коносамент бойынша жөнелтілуі тиіс.

37. Жалпы авариядан шыққан шығындар мен шығыстар кеме иесі мен жүк жөнелтушінің арасында кемеңіз, жүктің және бір күнгі кірепұлдың құнына тең және жалпы авария болған жерде бөлінеді.

Қазақстан Республикасы көлік
және коммуникациялар Министрінің
2004 жылғы 6 шілдедегі
N 265-І бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
теңіз көлігімен жүктерді
тасымалдау ережесіне

1-қосымша

Жөнелтуші

N_____КОНОСАМЕНТ

Ж ү к

а л у ш ы

М е к е н - ж а й ы

К е м е и е с і

Ж а л а у

Кеме

Жүк тиеу порты

Жүк қабылдау уақыты

Жүк түсіру порты

Кірепұл төленеді

Коносамент
түпнұсқаларының саны

Маркалары мен
нөмірлері

Жүктің,

Орын саны

Салмағы Таза салмағы
ораманың атауы

Кірепұл және басқа |Қай жерде және қашан берілді Кеме капитаны
да шығыстар |

Қазақстан Республикасы көлік
және коммуникациялар Министрінің
2004 жылғы 6 шілдедегі
N 265-І бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
теңіз көлігімен жүктерді
тасымалдау ережесіне

2-қосымша

Жөнелтуші

N_____Теңіз құжаттамасы

Ж ү к

а л у ш ы

М е к е н - ж а й ы

К е м е

и е с і

К е м е

Ж ү к т и е у п о р т ы

Ж ү к

т ү с і р у

п о р т ы

Маркалары Жүктің,
мен нөмірлері ораманың атауы,
ыдыстың түрі

Орын саны

Салмағы

Таза
салмағы

Қай жерде және қашан берілді

Кеме капитаны

Қазақстан Республикасы көлік
және коммуникациялар Министрінің
2004 жылғы 6 шілдедегі
N 265-І бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
теңіз көлігімен жүктерді
тасымалдау ережесіне

3-қосымша

Чартердің үлгі нысаны

_____ чартер

_____ (жасалған жері) (қол қойылған күні)

_____ кеме иесі

_____ кеме жалдаушы

Чартердің _____ тармақтары | Тармақтардың мазмұндамасы

К е м е н і ң		а т а у ы	
Кеменің	сипаттамасы	және	жай-күйі
Жалдау	мерзімінің		шегі
Т ұ р а т ы н		к ү н д е р і	
Кеме	иесінің	міндеттері	
Кеме	жалдаушының	міндеттері	
Жалдау		с т а в к а л а р ы	
Кіреге	а қ ы	т ө л е у	ө л ш е м і
Кеме	жалдаушыға	ұ сы ны ла ты н	ұ й - ж а й
К о н о с а м е н т т е р			
О т ы н			
С т и в и д о р л а р ,		л о ц м а н д а р	
Т і р к е п		с ү й р е г і ш т е р	
Ж ү к т і ң		т ү р л е р і	
Ж ү к	т и е у	п о р т ы	
Кеменің	жеткізу	немесе	бағытталу порты

* Кеме иесі мен кеме жалдаушының қарауы бойынша чартер пункттерінің тізіміне жағдайға байланысты басқа пункттер кіргізілуі мүмкін

Кеме жалдаушының атынан _____ Кеме иесінің атынан _____